

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 30 желтоқсан 2019 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «Транснефть» ЖАҚ-пен қазақстандық мұнай компанияларына жарамсыз мұнай үшін өтемақы төлеу туралы қорытынды келісімдеріне қол қойғанын хабарлайды

2019 жылғы сәуір-мамыр айларында «Дружба» магистральдық мұнай құбырлары жүйесіндегі 38 қазақстандық мұнай компаниясының шамамен 699 мың тонна мұнайының ластануымен байланысты орын алған оқиғаны реттеу аясында, «ҚазТрансОйл» АҚ, осы компаниялардың атынан әрекет ететін, «Транснефть» ЖАҚ-пен қалған 6 қазақстандық мұнай компаниясына жарамсыз мұнай үшін өтемақы төлеу туралы келісімге қол қойды.

Бұрын ұқсас өтемақы төлеу туралы келісімдер 32 қазақстандық мұнай компаниялардың мүдделері үшін жасалды, оның ішінде 14 компанияларға «Транснефть» ЖАҚ-тың тарапынан төлемдер жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылғы сәуір-мамыр айларында «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесінде тасымалданатын мұнайда хлорорганикалық қосылыстардың жоғары шоғырлануына байланысты төтенше жағдай орын алды, ол өз кезегінде жарамсыз мұнайды қазақстандық жүк жөнелтушілер үшін Усть-Луга портындағы танкерлерге тиеуге әкелді.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбыры бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км құрайтын магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие болып келеді. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өндірістік объектілері Шымкент, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан. Мұнайды қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына және экспортқа 5 бағыт бойынша жеткізеді: «Атырау-Самара» және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырлары, Ақтау порты (танкерлерге мұнай құю), теміржол (цистерналарға құю) және КҚК жүйесіне ауыстырып тиеу.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**